

1. Құқық нормасының шынайы мазмұны оның мәтіндік көрінісіне қарағанда кеңірек болған жағдайда қолданылатын түсіндіру тәсілі
  - A) шектеулі
  - B) дәлме-дәл
  - C) казуалды
  - D) нормативті
  - E) кеңейте
2. Басқару нысанынан, мемлекеттік құрылым нысанынан және саяси режимнен құралатын мемлекеттің ерекшелігі
  - A) мемлекет құрылымы
  - B) мемлекет нысаны
  - C) мемлекет типі
  - D) мемлекет мәні
  - E) мемлекет түсінігі
3. Әлеуметтік қатынастарды құқықтық реттеуді нормативті-құқықтық акт түріне, құқықтық қатынасқа қатысушыларға, ықпал ету объектісі сипатына қарамастан теңестіру
  - A) жасалған құқықбұзушылыққа сәйкес жауапкершіліктің болуы
  - B) заңдылық бірлігі
  - C) заңдылық пен мәдениеттіліктің өзара байланысы
  - D) адамның құқықтары мен бостандықтарының кепілдендірілгендігі
  - E) конституция мен заңдардың жоғарылығы
4. Мемлекет және құқық теориясын саяси-заңдық ғылым ретінде сипаттайтын ерекшелігі
  - A) мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттеудің амал-тәсілдерін қарастырады
  - B) мемлекет пен құқықтың негізгі және жалпы заңдылықтарын зерттейді
  - C) саясат пен мемлекеттің биліктік әрекетіне қатысты қоғамдық құбылыстарды зерттейді
  - D) барлық заң ғылымдарына тән құқықтық құбылыстарды зерттейді
  - E) зерттеу пәні – мемлекет және құқық тәрізді қоғамдық құбылыстар
5. Құқықтық сананың субъектілері бойынша түрлері
  - A) құқықтық идеология және құқықтық психология
  - B) құқықтық мәдениет және құқықтық тәрбие
  - C) кәдімгі, кәсіби және ғылыми құқықтық сана
  - D) жеке, топтық, қоғамдық құқықтық сана
  - E) құқықтық өзін-өзі тәрбиелеу, құқықтық насихат
6. Құқықтық қатынастың құрамы
  - A) субъективті құқық және заңды міндет
  - B) субъект, объект, заңдық мазмұн
  - C) адам және азамат құқықтары мен бостандықтары
  - D) мемлекет, мемлекеттік ұйымдар, мемлекеттік емес ұйымдар
  - E) субъект, объект, субъективті жақ, объективті жақ

7. Мемлекеттің белгілі бір жағдайларда қоғамдық ұйымдардың актілерін немесе әдет-ғұрып нормаларын мемлекеттің рұқсат беру күшімен заңдастыруы
- A) халықтың тікелей құқық шығармашылығы
  - B) санкцияланған құқық шығармашылық
  - C) локальдық құқық шығармашылық
  - D) мемлекеттік органдардың құқық шығармашылығы
  - E) келісімшарттық құқық шығармашылық
8. Құқықтық дайындық түсінігінен көрініс табатын және ойлану қызметінің нәтижесі болып табылатын заң білімдерінің белгілі бір жиынтығын анықтайтын құқықтық сананың функциясы
- A) танымдық
  - B) әдістемелік
  - C) реттеушілік
  - D) эвристикалық
  - E) бағалық
9. Салық жинау
- A) азаматтық қоғамның белгісі
  - B) саясаттың белгісі
  - C) қоғамдық бірлестіктің белгісі
  - D) мемлекеттің белгісі
  - E) қоғамның белгісі
10. Мемлекет аумағында тұратын барлық тұрғындарға таралуы – құқық белгісі ретінде
- A) формалды-анықталғандық
  - B) жүйелік
  - C) жалпыға бірдей міндеттілік
  - D) еріктілік сипаты
  - E) мемлекетпен байланыстылығы